



Жүзжасаров Әбсамат

1905 жылы бұрынғы Қайдауыл болысы Бектұр қопасының жағасында дүниеге келген. Елде 1928 жылы аштық жайлаған кезде ағайындармен, әкешесімен Шымкент облысы Пахта-Арал ауданының Маяк колхозына барып паналаған. 1939 жылы маусым айында Пахта-Арал комиссариатынан әскерге шақырылған. 36-атқыштар полкінде әскери міндетін өтеп жүргенде, 1939 жылы фин соғысына қатысады. 1941 жылы неміс басқыншыларымен Сталинград майданында соғысады. Кезекті ұрыстардың бірінде жараланып, Саратов қаласындағы госпитальде емделеді. Жазылып шыққаннан кейін 1943 жылы 339-дивизияның құрамында Донбасс, Мелитополь, Севастополь, Украина, Польша жеріндегі ұрыстарға қатысқан. Осы ұрыста екінші рет жараланып, Украина қаласындағы госпитальде емделіп, 1945 жылы наурыз айында атқыштар полкіне қосылады. Соғысты 1945 жылы 9 мамырда Германия жерінде аяқтаған. Жапониямен болған соғысқа да қатысқан. Жауынгерлік ерліктері үшін «Ерлігі үшін», «Жауынгерлік еңбегі үшін», «Жапонияны жеңгені үшін» және мерекелік медальдармен марапатталған. 1946 жылдың күзінде елге оралады. 1961 жылы Амангелді ауданының жаңадан ашылған «Родник» совхозының Бисары бөлімшесіне көшіп келеді.

Сонда қойшы болып, алдыңғы қатарлы шопан болады. 1968 жылы қайтыс болған.



